1. Қытай қырғыздарының тілі мен этномәдениеті бойынша: 80 видеокадр (реципиенттермен сұхбат – 10, қытай қырғыздарының тұрмыс-тіршілігі мен кәсібі, қолөнері, салт-дәстүрі, музыкасы т.б.); 61 аудиоматериал (реципиенттердің сөзі – 10, қытай қырғыздарының халық музыкасы, халық жырлары – 51); 370 фотосурет (қытай қырғыздарының өкілдері, қытай қырғыздарының тұрмыс-тіршілігі, кәсібі, қолөнері, салт-дәстүрі, ұлттық киімі, сары ұйғырлар мекендейтін қалалар мен елді мекендердің көрінісі,

Кесене ішіндегі Махмұд Қашқари бейіті



географиялық ерекшеліктері, табиғаты, өсімдіктері т.б.); қытай қырғыздарының тілі, тарихы, мәдениеті жайлы қытай тілінде жарияланған ғылыми еңбектерден үзінділердің және көпшілік-танымдық мақалалардың ксерокөшірмесі (150 бет); қытай алфавитімен жазылған 20 ертегі, 10 аңыз, 20 тұрмыс-салт жыры, 30 жұмбақ, 20 халық әнінің мәтіні, 40 мақал-мәтел (ксерокөшірме); қытай қырғыздарының тілі бойынша сөздер тізбесі (120 сөз).

2. Сары ұйғырлардың тілі мен этномәдениеті бойынша «Сары ұйғырлар» ғылыми-этномәдени альбомын дайындауға қатысатын қытай ғалымдарымен келіссөздер жүргізілді; «Сары ұйғырлар» ғылыми-этномәдени альбомының құрылымы нақтыланды; Қытай тарапынан альбомды дайындауға қатысатын ғалымдардың міндеттері анықталды; 4 сары ұйғыр халық әнінің мәтіні транскрипцияға түсірілді; 20 халық әнінің мазмұны, 4 ертегінің транскрипциясы, 10 ертегінің мазмұны, 20 мақал-мәтелдің транскрипциясы жазылып алынды; 300 фотоматериалдың түсініктемесі жазылды.

3. Қашқар сапары барысында Әлішер Науаи өлеңдерінің кітап түрінде түптелген көшірмесі табылды. XVII ғасырдың соңында көшірілген қолжазбаның көлемі – 101 бет. Қолжазба бұрын ғылыми айналымға түспеген. Қолжазбаның толық фотокошірмесі алынды. Петроглиф қашалған тас табылды. Петроглиф бұрын мамандардың қолына түспеген, оған ғылыми-семиотикалық сипаттама жасалмаған. Тастың фотосуреттері алынды.


Экспедицияда жинақталған сары ұйғырлар, қытай қырғыздары, қашқар ұйғырлары туралы барлық материалдарды саралауды мақала көлемі көтермейтіндіктен, сары ұйғырларға қатысты негізгі мәселелер ғана қарастырылмақ.

Қытай Халық Республикасындағы 56 ұлттың бірі – сары ұйғырлар, негізінен, Ганьсу провинциясының Сунань уезі аумағындағы Жаң Иэ ауданына қарасты Уйгу автономиялы ауданын (Сары ұйғыр автономиялы ауданы) мекендейді. Орталығы – Сунань қаласы.






Уйғу (Сары ұйғыр) автономиялық уезінің рәміздік белгісі



Тенгіртағ баурайы
Сунань жотасы



Уйғу (Сары ұйғыр) автономиялық уезінің орталығы Сунань қаласының сыртқы келбеті

Сары ұйғыр автономиялы ауданы батысқа қарай Цилян-шань тауының теріскей жағында орналасқан. Оның аумағы шығысынан батысына дейін жалпы 650 шақырым, оңтүстігінен солтүстігіне дейін 200 шақырым шамасында. Оңтүстігі Цинхай өлкесінің Цилян ауданымен, Мын юан Дүнген автономиялы ауданымен, солтүстігі Уи, Жаң Иэ, Жю Чуан, Жя Югуан қалаларымен шектеседі. Батысы Су Би Моң-

ғол автономиялы ауданымен, шығысы Тянь Жу Тибет автономиялы ауданымен шекаралас. Жалпы жер көлемі – 20133 шаршы километр (мәлімет сары ұйғыр этносының өкілі, Ляньжоу университетінің профессоры, жазушы Йоғур Төмерден жазылып алынды. 09.07.2012. Сунань қаласы).

Уйғу автономиялы ауданы Ұлыстар комитетінің 2000 жылы жүргізген бесінші мемлекеттік адам



Ланчан өзені



Ланчан өзені бойындағы малшылардың Қаңли даласы



Ланчан өзеніндегі көпір



Қызылдаван ауылы маңындағы шатқал



Цзупайсун (тоғыз қатар қарағай)



Мачан жазығы



Хайяго орманы



Хемнынголдағы малшы ауылдың келіншектері арасында



Миньхайдың батысында. Түйелі келіншек



Қойшы қыстауы



Мачан жазығында. Қой шаруашылығы

Жер бедері – оңтүстігі таулы, солтүстігі жазықтау. Миң Хуа ауданы құрғақтау, жаңбыр суы аз болса, басқа өңірлері, негізінен, құнарлы, жаңбыр суы мол. Жері шалғынды, орманды, жаз мезгілі қоңыр салқын.

Түркі тілдеріне ортақ топонимжасам жүйесіне негізделген таза түркілік жер-су атаулары көп кездеседі: Sarıqum «Сарықұм», Šartala «Сардала», Aqrum «Аққұм», Derek/Terek «Терек», Aqtastıq «Ақтастак/Ақтастық», Artala «Ардала», Nurtala «Нұрдала», Žilandili «Жылан тілі», Qizıldavan «Қызылтабан», Kesiktala «Кесікдала», Kemasa т.б. Түркі-моңғол

немесе таза моңғол тілдеріндегі топонимдер де жиі қолданылады: Nemanqol «Найманқол (Найман өзені)», Bejramqol «Бейрамқол», Qobı, Qarüle, Žiğüşüle т.б. Сондай-ақ Pantän, Süri, Žölin тәрізді мәнмағынасы түркітілдестер үшін күнгірттеу атаулар мен қытай-тибеттік топонимдер де ұшырасады.

Негізінен, малшаруашылығымен (қодас/сиыр, қой, ешкі, жылқы, түйе) айналысатын сары ұйғырларда малдың жайына, жайылымның шұрайлылығына байланысты жылдың төрт мезгілінде көшіп-қонып жүру дәстүрі әлі де сақталған.



Жылқышы келіншек



Сиыр шаруашылығы (сарлаг сиыр «қодас»)



Қой қырку науқаны



Шопан әйел



Қырықтықшы Хысырмен



Жүн түгіп, жіп иіру

Жаздыгүні шатырларда, қыста саз балшықтан, кірпіштен тұрғызылған үйлерде тұрады. Жергілікті сары ұйғыр өкілдері XX ғасырдың 60-70 жылдарына дейін сары ұйғырлардың жаздық шатырларына кодас жүнінен басылған киіз жабылғанын айтады, мұндай үйлерді өздері кезінде *qara žöö* «қара үй» деп атаған, қазір қолданыстан қалып барады. Қазақ тілінің кейбір ареалдарында да киіз үйді *қара үй*,



2000 жылдан кейінгі диханшылық



Сары ұйғыр қыздары қарбыз жинау науқанында

қазақ үй, *боз үй* деп түрліше атау дәстүрі сақталғаны белгілі. Қазіргі таңда шатырлар арнайы кенеп материалдармен жабылады. Сары ұйғырлар бау-бақша (қауын, қарбыз, пияз, қырыққабат, баклажан, қияр, қызанақ, картоп, сәбіз т.б.) шаруашылығымен, егіншілікпен (бидай, сұлы, арпа, тары, жүгері т.б.) айналысады.

Сары ұйғырлар өздерін *joγur/oγur* «йоғур/ойғур» этнонимімен атаса, қытайлар қытай тілінің фонетикалық-артикуляциялық ерекшеліктеріне сай *ujγur/juγu* «уйғу/йуғу» деп атайды. Этностың Қытай Халық Республикасындағы ресми атауы да осылай қалыптасқан. Бұған қарағанда ғылымда *сары*

ұйғырлар деген этнониммен танылған йоғурлардың тарихи-генеалогиялық тегі Орхон мұралары мәтіндерінде жиі сөз болатын көне *йоғур/уйғур* (*joγur/ujγur*) тайпаларымен сабақтасып жатқанынын аңғаруға болады. Сары ұйғырлар арасында өздерін мекеніне байланысты *taglig* «таулық», *ojlig* «ойлық, далалық» деп атау дәстүрі де бар.

Қытай ғалымы Чын Зұң Жын сары ұйғыр этнонимі және сары ұйғырлардың ататегі туралы мынадай пайымдау айтады: «Сары ұйғыр деген атау қытай тілінде жарияланған тарихи еңбектерде, басқа да ғылыми-зерттеулерде әртүрлі аударылады. Сары ұйғыр этнонимі жайлы оннан аса көзқарастар бар. Олардың ішіндегі тарихи тұрғыдан негізделген пікір бойынша, сары ұйғырлар – көне хуиху тайпаларының ұрпағы. Сұң патшалығы кезіндегі сары басты хуихулар, Юань және Миң патшалығы кезіндегі *салюанни* немесе *салюанпир* деп аталған тайпалардың барлығы қазіргі сары ұйғырлардың ата-бабасы болып саналады» [1,6-7]. Ғалымның пікірі бойынша, «осы көзқарас көпшілік зерттеушілер тарапынан мойындалған тұжырым болып табылады» [1,7]. Ежелгі қытай жылнамаларында қытай тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне байланысты *оуиз* этнонимінің *оуи/уи* түрінде жазылғанына сүйенген зерттеушілер сары ұйғырлар мен көнетүркілік оғыздарды тікелей байланыстырады, бұл бағыт бойынша сары ұйғырлар тоғыз оғыздардың ұрпақтары: «қазіргі сары ұйғырлардың этникалық құрамындағы рулар көне түркі дәуірінде Орхон бойын мекендеген тоғыз оғыздардың құрамындағы рулардың негізінде қалыптасқан» [2,4].

Түркітануда *оуиз*, *оуир* этнонимдерін бір тайпаның әртүрлі хронологиялық кезеңдегі атауы екені тарихи және лингвистикалық тұрғыдан дәйектелген, инлаут және ауслаут позициядағы *r≈z* сәйкестігі – түркі тілдеріне тән заңдылық. Көне дәуірлердегі оғыз, қыпшақ тәрізді ірі түркі тайпаларының арасына шек қойып, бірі-бірінен мүлдем ажыратып қарауға болмайтынын бүгінгі түркітану ғылымы негіздеуде. Өзара туыс түркітекес ірі тайпалардың атауын білдіретін *qipšaq* «қыпшақ», *оуиз* «оғуз» этнонимдері белгілі бір дәрежеде жалпылама мәнде, жалпы *türk/türki* «түрк/түркі» этнонимінің баламасы ретінде қолданылуы да мүмкін, себебі мемлекеттік деңгейдегі ірі тайпалық құрылымдар тек генеалогиялық негізде ғана емес, географиялық-аумақтық негізде де қалыптасқаны, олардың құрамында бірнеше түркітекес

: ТҮРКІ: МОНГОЛ: ЖАҢ: ҚЫТАЙ: КҮНХУАЙ: УИГҰР: ОЙҰР: АҚ:



ру-тайпалардың болғаны, көне оғыздар мен қыпшақтардың тайпалық одақтарына шоғырланған түркі ру-тайпаларының қазіргі түркі халықтарының этникалық құрамына шашырай таралғаны белгілі, *joγur* этнонимін *oγuz*, *oγur* этнонимдерімен этимологиялық негізі бір гомогенді лексемалар ретінде қарастыру да лингвистикалық тұрғыдан қайшылық тудырмайды, *j* фонемасының анлаут жағдайдағы протезалық сапасы – түркі тілдеріне тән заңдылық. Ал *joγur*, *oγur* этнонимдері *j* ↔ *o* метатезалық құбылысының нәтижесінде орныққан фонетикалық варианттар. Сондықтан сары ұйғырларды оғыздармен байланыстыратын көзқарастарды да жоққа шығаруға болмайды.

ҮІІІ ғасыр түркі жазба ескерткіштерінде оғыздар мен ұйғырлардың қатар аталуы олардың өзара туыс екі түркі тайпасы екенін көрсетеді. Бұл Синьцзян ұйғырлары мен сары ұйғырлардың бір-бірінен алшақтығын білдіретін тарихи дерек болуы да мүмкін. Қазіргі ұйғырлардың тарихи отаны үнді-иран тайпаларымен тығыз қарым-қатынаста болған Қашқария мен Турфан аймағы, олардың Орхон бойынан қоныс аударғаны жайлы толық негізделген дерек жоқ. Қарлұқ тобындағы қазіргі ұйғыр тілі мен сары ұйғырлар тілінде ортақ белгілердің аздығы да түркі тіл білімінде сөз болып келе жатыр. Бұл жөнінде С.Е.Маловтың «Этот язык желтых уйгуров трудно считать уйгурским, поскольку мы знаем и разговорный уйгурский язык (Синьцзяна) и письменный (обширной, главным образом буддической литературы), а он представляет из себя или окиргизившийся в давнее время (какой-то) уйгурский язык или совсем другой язык. Как лобнорский, так и язык желтых уйгуров приходится выделить из общего компактного состава уйгурских языков» [3,7], – деген ойлары да ғалымның сары ұйғыр тілін ұйғыр тілдеріне жатқызылуында белгілі бір шарттылықтың барын аңғартады.

ІХ ғасырдың орта тұсында (840-850 жж.) Уйғур/Йоғур қағанаты мен Қырқаз/Қырқыз қағанатының арасындағы жаугершілікке байланысты көне йоғурлар өздерінің атажұрты саналатын қазіргі Моңғолия, Тыва аумағынан ығысып, Қытай Халық Республикасының Ганьсу провинциясына, Дуньхуан, Турфан аймағына қоныс аударады. Д.Позднеевтің [4,97] пікіріне сүйенген С.Е.Малов сары ұйғырлардың тарихи атақонысы ретінде Орхон, Селенгі өзендерінің бойын көрсетеді: «Можно думать, что желтые уйгуры поселились в местах своего теперешнего местожительства лет с тысячу с

лишним тому назад, придя частью с запада (Китайский Туркестан), а частично спустившись несколько южнее из Монголии, из бассейна рек Орхона и Селенги (после войны с киргизами)» [3,3-4].

Сары ұйғыр этносының өкілдері де өздерінің ата-бабалары қазіргі атамекендеріне Моңғолия аумағынан көшіп келгенін, миграциялық процестің өте ауыр болғанын және көші-қон үдерісінің Қытай территориясына келгеннен кейін де (ішкі миграция) жалғасқанын айтады. Сары ұйғырлар өміріндегі тарихи атамекенінен ауа көшудің ауыртпалықтары мен атажұртқа деген сағыныштың куәсіндей шерлі өлең жолдары халық жадында әлі де сақталып қалған. Мысалы, сары ұйғырлардың «Сычықаджы» деп аталатын халық әнінің мәтінінде атамекенінен айрылған халықтың мұңы мен зары сипатталады, әннің сазы да мұң мен сағынышқа толы, қазақтың «Елім-айын» еске түсіреді.

Uoyiriniñ kiseler artin oγdan getti,

Siçiniñ qadžidan mawip getti.

Küsleni, qojlerni qajdu getti,

Sariçini men müni in-in getti.

«Йоғур халқы (кісілер) ойдан кетті,

Сычықажыдан ауып кетті.

Қиналды, қойлардай айдалып (қуылып кетті),

Сары іңгенмен бірге ыңыранып (ың ың деп) кетті»

Сары ұйғырлардың халық әніне арқау болған *Siçiqadži* «Сычықаджы» топонимі сары ұйғырлардың тарихи атамекеніндегі жер аты, қазіргі қай жер екенін бүгінгі ұрпақ білмейді. («Сычықаджы» әнінің мәтіні сары ұйғыр этносының өкілі, мәдениеттану ғылымының докторы, профессор Хы-Уей Гуангтың айтуы бойынша жазылып алынды. 22.09.2012. Ляньжоу қаласы).

Сары ұйғырлардың Шығыс Түркістанмен жалғасып жатқан Тұрфан аймағында ұзақ тұрақтамай одан әрі орталық Қытайдың батысына қарай қоныс аударуы Х ғасырда, ислам дінінің Тұрфан аймағына таралуына дейін аяқталған сияқты. Себебі Тұрфан аймағындағы ұйғырлар мен дүнгендер ислам дінінде, ал сол өңірге көшіп келген сары ұйғырлар будда дінін ұстанады. Бұл олардың ислам дінін қабылдап үлгермегенін, Дуньхуан, Ганьсу өңіріне қоныс аударғаннан кейін тәңірлік сенімнен жергілікті халық ұстанатын будда дініне мойынсұнғанын аңғаруға болады.

Кезінде басқа түркі халықтарымен бірге түркі руникасын қолданған сары ұйғырлар 1958 жылға дейін тибет жазуын, 1958 жылдан бастап қытай жазуын пайдаланады. Көне ұйғыр жазуын қолданғаны



Сары ұйғырлардың ең үлкен ғибадатханасы – Кан Лун



Кан Лун күмбездері



Бейранқол өзені бойындағы ғибадатхана

немесе қолданбағаны жайлы нақты дерек жоқ. Түркілік дүниетанымның негізі Тәңірлік сенімді ұстанған сары ұйғырлардың будда дініне енуі, олардың тибет жазуын қабылдауымен қатар жүрді.

Сары ұйғырлар өміріндегі миграциялық үдерістер мен тарихи оқиғалар, ұзақ уақыттар бойы өзге мәдениеттермен болған тығыз әлеуметтік және саяси-экономикалық қарым-қатынастар олардың тілінде де із қалдырды, бір ғана этнос бірнеше тілдік жіктеліске түсті. Жергілікті қытай, моңғол халықтарымен тығыз қарым-қатынаста болған сары ұйғырлардың бір бөлігі ғана түркі тілін сақтап қалған, екінші бөлігі моңғол тілінде, үшінші бөлігі қытай/тибет тілінде сөйлейді. Тілі әртүрлі болғанымен, этностық тұтастығын сақтап отырған йоғурлар өз ішінде түрік тілінде сөйлейтіндерін – *қара йоғурлар*, моңғол тілінде сөйлейтіндерін – *шары йоғурлар*, қытай-тибет тілінде сөйлейтіндерін – *тат* деп те атайды. Сары ұйғырларға қатысты лингвомәдени дифференциациялық үдерістерді С.Е.Малов былай сипаттайды: «Уйгуры попали в среду, чужую им по языку. Они оказались окруженными носителями разных языков; здесь были, главным образом, китайцы, монголы и тангуты. И все они, даже в отдельности, были многочисленнее уйгуров. За тысячу с лишним лет своего пребывания здесь уйгуры постепенно утрачивают свой язык. Часть уйгуров, живущая на северо-западе вплотную с китайцами (у г.Сучжоу и несколько южнее, в земледельческой полосе, к хребту Нань-шань), совершенно забыла свой родной язык и говорит теперь только, в основной своей массе, на китайском» [3,4]. Бір өңірді мекендеген халықтар арасындағы лингвомәдени контактологиялық үдерістердің қарқынды жүруі сары ұйғырлардың бір бөлігінің моңғол тілі мен мәдениетінің ықпалына, келесі бөлігінің қытай-тибет тілі мен мәдениетінің ықпалына ұшырауына, тек бір бөлігінің ғана түркі тілін сақтап қалуына алып келсе де, сары ұйғырлар өздерін біртұтас этнос ретінде таниды.

Қытай тіліндегі әдебиеттерде де сары ұйғырлардың шығыс сары ұйғыр тілінде, батыс сары ұйғыр тілінде және қытай тілінде сөйлейтіні көрсетіледі. Тарихи деректерге сүйенсек, ертедегі біртұтас түркітөкес халықтың түркілік, моңғолдық және тибет-қытайлық лингвожіктеліске түсуі қытайларды моңғолдар билеп тұрған Юань династиясы заманынан басталады. Қытай зерттеушілері билеуші моңғол ақсүйектерінің сары ұйғырлардың



арасына сіңіп кеткенін көрсетеді: «Сары ұйғырлар шығысқа қоныс аударғаннан кейін, ежелгі хуиху тайпаларының құрамында болып, бірге жасайды. Сондай-ақ түркі тілінде сөйлейтін салюанпирлер Юань патшалығы кезінен бастап моңғол ақсүйектеріне бағынышты болады. Моңғолдармен ұзақ уақыт бойы аралас-құралас тұрмыс кешкен сары ұйғырлар, олармен бірлікте болады. XVI ғасырдың алғашқы шенінде Ганьсу және Ганьжу аудандарына қоныс аударады. Чиң патшалығы тұсында да моңғол ақсүйектері сары ұйғырларға қолбасшы болады және сары ұйғырларға қарағанда саны аз моңғолдар біртіндеп сары ұйғырлар арасына сіңіп, уақыт өте келе өздерін «салюанпирлер», яғни сары ұйғыр атап кетеді» [1,8]. Бұл моңғол ақсүйектерінің йоғурлар арасына сіңіп, қандық араласулар негізінде этникалық тұтастыққа айналғанымен, лингвистикалық сапасын сақтап қалғанын және сары ұйғыр тілінің лингвожіктеліске түсуіне ықпал еткен негізгі факторлардың бірі болғанын көрсетеді.

Сары ұйғыр тілін шығыс және батыс деп бөлу сары ұйғырлардың географиялық орналасуына негізделген, шығыста сары ұйғырлар басқа ұлттар арасына ыдырай қоныстанса, батыста біршама шоғырлана қоныстанған. Олардың түркілік ана тілдерін сақтап қалуының басты себебі де – осы. Сунань Сары Ұйғырлар автономиялы ауданындағы сары ұйғырлардың географиялық орналасуы және тілдік жүйе бойынша жіктелетін шығыс сары ұйғыр тілі моңғол тілдік тобына, батыс сары ұйғыр тілі түркі тілдері тобына жатқызылады. Батыс сары ұйғыр тілінде моңғол, қытай-тибет элементтерінің, шығыс сары ұйғыр тілінде түркі және қытай-тибет элементтерінің өте көп болуы да – лингво-контактологиялық заңдылық. Ұзақ жылдар бойы үзіліссіз және үздіксіз жалғасқан түркі-моңғол және қытай-тибет мәдениетаралық қарым-қатынасы сары ұйғырлардың тіліне ғана емес, салт-дәстүріне, киім киісі мен жүріс-тұрысына және т.б. белгілі дәрежеде ықпал еткені сөзсіз. Мұны әсіресе сары ұйғырлардың ұлттық киім үлгілерінде жер-жердің ыңғайына қарай бірде түркілік, енді бірде моңғолдық, я болмаса қытай-тибеттік элементтердің басым болып келетінінен байқауға болады.

Зерттеулерде моңғол тілінде сөйлейтін сары ұйғырлардың тілі, дәстүрі, киім үлгісі Цинхай провинциясын мекендейтін ойраттарға тым жақын екені көрсетіледі



Сары ұйғырлардың ұлттық киімдерін тігетін шеберхана. Сунань қаласы



Минхай. Хэ Чунхуа



Хуаньчен. Бай Цзинхуа



Тибет өңіріндегі шығыс сары ұйғыр әйелдері (моңғол тілді)



Шартала. Ань Мейин
(Кань чжоу мэй до.)



Цзупайсун
Чан Хайлин



Го Щювей



Шалғышы жігіт (шаруйгу)



Ұлттық киім киген ерлі-зайыптылар



Хэ Вейцан

ШАРТАЛА АНЬ МЕЙИН
ЦЗУПАЙСУН ЧАН ХАЙЛИН
ГО ШЮВЕЙ
ШАЛҒЫШЫ ЖІГІТ (ШАРУЙГУ)
ХЭ ВЕЙЦАН



Түркі тілінде сөйлейтін сары ұйғырлардың тілі А.Н.Самойловичтің жіктемесі бойынша d-ұйғыр немесе солтүстік шығыс тілдерінің z-топшасына (*azaq* «аяқ»), Н.К.Баскаковтың генеалогиялық классификациясы бойынша шығыс хун тілдерінің ұйғыр-оғыз тобының хакас тілдері топшасына [5,230-342], С.Е.Маловтың тарихи-хронологиялық классификациясы бойынша ең көне тілдер қатарына жатқызылады [6,192]. Түркітөктес батыс сары ұйғыр тілі түркі тілдері жүйесіндегі тектілік (праязык) белгілерді молынан сақтаған, жалпытүркілік тілдік жүйенің даму, өзара ыдырау бағыттарын айқындауда аса маңызды лингвоқұрылым болып табылады. Батыс сары ұйғыр тілінің түркілік табиғатының бұзылмай сақталғанын С.Е.Маловтың мына пікірінен де аңғаруға болады: «На первый взгляд, в статическом положении, можно даже удивляться, как другая часть уйгуров сохранила свой язык и свои многие старые черты; все они сохранили в своих семьях, в своих семейных разговорах хороший уйгурский язык, который каждый представитель другого тюркского языка может понять после очень недолгого предварительного ознакомления» [3,4].

Батыс сары ұйғыр тілінің лексикалық жүйесінде қытай-тибет, моңғол тілдерінің элементтері жиі кездескенімен жалпы түркілік базалық лексика сақталған. Қазақ тіліндегі нұсқаларымен тұлғасы да, мағынасы да сәйкес келетін лексемалар өте көп (әсіресе бірбуынды сөздер): *men* «мен», *sen* «сен», *ol* «ол», *qiz* «қыз», *az* «аз, көп емес», *aj* «ай (аспандағы)», *ajt* «айт, айту», *ajaq* «ыдыс-аяқ», *aqsaqal* «ақсақал», *qiliš* «қылыш», *aš* «аш (қарны аш)», *bos* «бос», *bozda* «бозда», *beri* «бері», *erkek* «еркек», *erte* «ерте», *qan* «қан», *mañra* «маңра, маңрау», *is* «іс», *tös* «төс», *tösek* «төсек», *tolyaq* «толғақ», *qatın* «қатын», *qozı* «қозы», *qoltıq* «қолтық», *köp* «көп», *kör* «көр, көру» *köm* «көм, көму», *köl* «көл», *kök* «көк», *oq* «оқ», *oj* «ой (жер бедеріне қатысты)», *ora* «ора, орау», *orın* «орын», *öl* «өл, өлу», *tas* «тас», *terek* «терек», *toqta* «тоқта», *toñ* «тоң, тоңу», *tök* «төк, төгу», *qoj* «қой» (Сары ұйғыр этносының өкілі, Ляньжоу университетінің докторанты Арслан Яғлақардан жазылып алынды.09.07.2012. Қызылдаван қыстағы). Мұндай мысалдарды жалғастыра беруге болады.

Көне йоғурлар тілінің архаикалық табиғатын сақтап қалған сары ұйғыр тілінде қазіргі түркі тілдеріндегі этимологиясы күңгірт сөздердің түпкі мәнін айқындауға септігін тигізетін лексемалық бірліктер өте көп. Мысалы, түркі тілдеріндегі *bala*

«бала (ұл бала, қыз бала)» дисиллабының шығу тегі, түпкі түбірі, буын саны, архисемасы әлі де анықталмай келе жатқан лексемалар қатарына жатады. Сары ұйғырлар тілінде *bala* сөзінің «жұмыртқа» мағынасында қолданылуы лексеманың архимазмұнындағы «кішілік, өсіп-өну» семасын шамалауға мүмкіндік береді. Қазақ тіліндегі *qajt* «қайт (кері қайт)», *qajtar* «қайтар (қойды қайтар)» сөздерінің құрамындағы **qaj* тұлғасы қазіргі тілімізде дербес қолданылмайтындықтан, гипотезалық түбір ретінде қарастырылып жүрді. Ал сары ұйғыр тілінде *qajt* сөзі *qaj* тұлғасында дербес лексемалық деңгейде сақталған: *beri qaj var* «бері қайт» (тілдік деректер сары ұйғырлардың халық ақыны Аньюйлиннен жазылып алынды 09.07.2012. Сунань қаласы).

Туыстық атауларға қатысты сөздердің де көпшілігі басқа түркі тілдеріндегі нұсқаларына сәйкес келеді: *ana* «ана, шеше», *aba* «әке», *abaqa* «әкпей, апай (жасы үлкен әйел адамға қатысты)», *ata* «ата», *aqa* «аға», *baba* «әке, үлкен әке», *kelin* «келін», *eke/ekxe* «әкпе», *ini* «іні», *inge* «жеңге». Сары ұйғыр тіліндегі түр-түсті білдіретін сөздер де көп өзгеріссіз қолданылады: *qizil* «қызыл», *aq* «ақ», *boz* «боз», *qoñir* «қоңыр», *sari/šari* «сары», *jašil* «жасыл» т.б. Дене мүшелеріне қатысты сөздер: *ayıs* «ауыз», *baš* «бас», *moın/majon* «мойын», *qul* «қол», *azaq* «аяқ», *köz* «көз», *qolaq/qulaq* «құлақ», *qolaš* «құлаш» т.б. (тілдік деректер Шартала ауылының тұрғыны Хсерменнен жазылып алынды 10.07.2012).

Сары ұйғыр тілінің дыбыстық құрамы қазіргі түркі тілдері фонетикалық жүйесінен ерекше ажыратылмайды. Дыбыс жүйесін 35 дыбыс құрайды, олардың ішінде 10 дауысты, 21 дауыссыз 2-і дифтонг, 2 аффрикат дыбыс бар. С.Малов еріндік дауыстылардың (*o*, *ö*, *u*) жіктелу ерекшеліктеріне байланысты түркі тілдерінің топтастырылуы жайлы айта келіп, сары ұйғыр тілінде еріндік дауыстылар айқын ажыратылмайтынын көрсетеді: «В данном отношении язык желтых уйгуров принадлежит к восточным, среднеазиатским южным языкам. Но только соответствие здесь звуков *o* и *u* этим же звукам в восточн., сроднеазиатск. и южн. языках в языке желтых уйгуров выдерживается не так строго. Уйгуры теперь как бы утратили свое языковое чутье в данном отношении» [3, 157-158]. Ғалым сары ұйғыр тілінің дыбыстық жүйесінен жіңішке еріндік *ü* дыбысын көрсетпейді. Тірі тілдік материал негізінде сары ұйғырлардың фонетикалық жүйесінде еріндік дауысты *ü* дыбысының си-

рек те болса қолданыста екенін аңғаруға болады. Сары ұйғыр тілінде орфоэпиялық норманың қалыптаспауы үндестік заңының әлсізденуіне алып келген сияқты, сөйлеу барысында бір сөздің жуан еріндік дауыстымен де, жіңішке еріндік дауыстымен де айтылуы, яғни сөз тұлғасының жарыспалы сипатта қолданылуы белең алған. Сондай-ақ сөйлеу дәстүрінде *o, u* еріндік дауыстыларының да жігі айқын екеніне көз жеткізуге болады. Мысалы, тіл иесінің аузынан мұқият жазылып алынған (транскрипцияланған) алысқа ұзатылып кеткен қызға арналған махаббат туралы халық әнінің мәтініне зер салсақ:

*Xondajçen, Xondajçen,
Atiյene Xondajçen,
Uzaqqa çörin laçän detti.
Jaқinյa berim lanaң detti,
Aқulum minge laқin detti.
Aқumusni ünserge laçän detti.
Qaraçani içterge lanaң detti,
Qumis žalyini anqa laqa detti.
Aқ enikti sariյa lengen detti,*

Žiz mažär manerge sінli detti, мәтіндегі *Xondajçen* «әйел аты», *uzaqqa* «ұзаққа», *qumis* «күміс» т.б. лексемалары құрамындағы *u, o* дыбыстары сөйлеу дәстүрінде айқын ажыратылатынын көреміз (халық әні «Хондайчен» Уей Гуангтың айтуы бойынша жазылып алынды. 22.09.2012. Ляньжоу қаласы).

Бір этностың бір-бірінен алшақ үш тілде сөйлеуі – Қытай мемлекетінде сирек кездесетін құбылыс. Сунань Сары Ұйғыр автономиялы ауданының ұлт істері комитетінің мәлімдемесі бойынша, жалпы аудандағы 5600-дей адам ғана сары ұйғыр тілінде сөйлейді. Олардың 550-і шығыс сары ұйғыр тілінде, 4684-і батыс сары ұйғыр тілінде сөйлейді. Ал қытай тілінде ғана сөйлейтін сары ұйғырлар саны 326 адамды құрайды. Сары ұйғыр халқының зиялы қауым өкілдері бұл мәліметтің ескіргенін, 3000-дай адамның есепке алынбағанын, ал пайыздық тұрғыдан қарастырғанда жалпы мөлшерге сәйкес келетінін, түркі тілінде сөйлейтіндердің саны моңғол тілінде сөйлейтіндердің санына қарағанда әлдеқайда көп екенін және кейінгі жастар есебінен шығыс сары ұйғыр тілінде де, батыс сары ұйғыр тілінде де сөйлей алмайтын қытай тілді сары ұйғырлардың саны артқанын айтады. Бірақ олар өздерінің рулары мен ата-аналарының лингвистикалық белгілеріне қарай өзін түркі тілінде сөйлейтін сары ұйғырға немесе моңғол ті-

лінде сөйлейтін сары ұйғырға жатқызатынын да мәлімдеді (Йоғыр Төмердің мәліметі бойынша жазылды. 09.07.2012, Сунань қаласы). Автономиялық ауданнан тыс аймақтардағы сары ұйғырлардың тілдік ерекшеліктеріне қарай жіктелісіне қатысты статистикалық мәлімет алудың реті келмеді.

Сары ұйғырлардың лингвожіктелісі жайлы қытай ғалымдарының зерттеуінде мынадай деректер келтіріледі: «Сары ұйғыр тілінің шығыс және батыс сары ұйғыр тілдері болып бөлінуіне байланысты, батыс сары ұйғыр тілінде сөйлейтіндер өздерін *sariյ joյur* қысқаша *joյur* деп атайды да, тілдерін *joյur soz / joյur söz* дейді. Шығыс сары ұйғырлары өздерін *sarajoյor* деп атайды. Батыс сары ұйғырлары шығыс сары ұйғырлар тілін *lar аңgar, sözаңgar* деп атайды, шығыс сары ұйғырлары батыс сары ұйғыр тілін *xara joյor lar* деп атайды. Мұндағы *lar* сөзі «тіл» (тибет-түңғыс тілінің элементі Е.М.) деген мағынаны білдіреді. Ал *аңgar* сөзінің мағынасы «бөтен ауыл адамы», «бөтен адам, түсінбейтін адам» немесе «жеңілуші» деген мағынаны білдіреді. Шығыс сары ұйғыр тілінде «күн шығысқа қараған дөң», «кеудесін ашып жүретіндер» деген мағынаны білдіреді. Жан-жақты жүргізген зерттеулеріміздің нәтижелері көрсеткендей *аңgar* деген атау шығыс сары ұйғыр тілінен емес, керісінше, батыс сары ұйғыр тілінен шыққан, ал мағынасына келсек «ақылы аз, аңқау» деген мағынаны білдіреді. Алғашында шығыс сары ұйғырлары *аңgar* сөзін қолдануды ұнатпағынымен, бертін келе, бұл атаудың әуелгі мағынасын жоғалтып, оны білетіндер қатары азайғандықтан, өз тілдерін *аңgarlar* деп атап кеткен. Ал *xara joյor lar* сөзіне келсек, бұл шығыс сары ұйғырларының көзқарасынан пайда болған «кұл, күң» мағынасындағы атау. Атаулардың шығу тарихына үңілсек, бұл атаулардың екеуінде де ерте замандағы халықтың бірін-бірі кемсіту мағынасында пайда болғанын бірден байқауға болады. Бұл көзқарастар қазіргі сары ұйғыр тілінің батыс және шығыс болып екіге бөлініп кетуіне алып келді» [1,11]. С.Е.Малов қытай тілінде сөйлейтін ұйғырлар мен түркі тілін сақтап қалған ұйғырлардың өзара байланысының әлсіздігін көрсетеді: «У окитаившихся уйгуров сохраняется связь со своими сородичами, говорящими на уйгурском языке, только в том, как мне сообщали, что в праздник (китайский) Нового года уйгуры-китайцы приглашают к себе для шаманского моления уйгура-тюрка. Вот и все!» [3,4].



Біздің байқағанымыз, түркі тілділері мен моңғол тілділердің арасы жақындау болғанымен, олар қытай тілділерді шеттетіп отырған жоқ, үш тілдік топтың өкілдері де этностың тұтастығын, тілдік жіктелістен жоғары қояды, өздерінің тегі бір екенін, бір халықтың өкілі екенін жақсы түсінеді. Үлкен мәдени шаралар мен ұлттық мерекелерін де жұмылып өткізеді. Мәселен, бау-бақша өнімдері мен егіндік дақылдар піскен кезде арнайы өткізілетін ұлттық мейрамдарында лингвожіктелістері ескерілмей барлық сары ұйғырлар түгел жиналады. Бұл мерекенің ұлттық сипаты жиын-терін науқаны кезінде өткізілетін түркі халықтарының *сабантой*, *ақатуи* т.б. тәрізді мерекелеріне сәйкес келеді, өкінішке орай, ұлттық мерекенің сары ұйғырша атауы сақталмаған, қытай тілінде «диқаншылық (бау-бақша) мерекесі» деп аталады. Ұлттық әндері мен билері орындалып, ұлттық тағам түрлері де ұсынылады. Мерекеге ұлттық киімдерін киіп келген сары ұйғырлар халық жадында сақталған ежелгі дәстүрлері мен ұлттық ойын түрлерін көрсетеді.



Сабантой мерекесіндегі «Беташар» дәстүрі



Сабантойдағы «Арқан керу» ойыны



Сабантойдағы «Аударыспақ» ойыны

Бірнеше ру-тайпалардан тұратын сары ұйғырлардың этникалық құрамы да күрделі. Рулық құрылымға негізделген басқару жүйесі ХХ ғасырдың орта тұсына дейін сақталған сары ұйғырлардың этноқұрамы әрқайсысы бірнеше ясәндерден (рулардан) құралған отоктардан (тайпалардан/тайпалық одақтардан) тұрады. Отоктордың бірігуінен құралған топ «ұлық ұлыс» деп аталады. Сары ұйғырлар құрамындағы отоктардың негізгілері: *jaylaqar otok* «яғлақар оток» – түркі тілінде сөйлейтін топқа жатады. Тоғыз оғыздар құрамында болған яғлақарлар көне түркі тайпалары қатарынан орын алады. Зерттеушілер яғлақар тайпасын көне түркі қағанаттары тұсында қағандары шыққан алтын әулет болып саналатынын көрсетеді [2,5]. Яғлақарлар сегіз шағын рудан тұрады: *aq jaylaqar* «ақ яғлақар», *qara jaylaqar* «қара яғлақар», *bajatabin* «баятабын», *pegešt* «пегешце», *duman* «думан», *xor* «хор», *baxšo* бахшо, *sina* «сына»; *qonjirat otok* «қоңырат оток» – түркі тілінде сөйлейтін топқа жатады. Қоңыраттар іштей екіге бөлінеді: *temirši* «темірші» және *qizil* «қызыл»; *nojon otok* «нойон (ноян) оток» – моңғол тілінде сөйлейтін топқа жатады, сары ұйғырлар арасында *sijke otok* «сике оток» деп те аталады. Кезінде йоғұр нояндары осы тайпа өкілдерінен тағайындалатындықтан, *nojon* сөзі этнонимдік сипат алған; *neman otok* «неман (сегіз) оток» – моңғол тілінде сөйлейтін топқа жатады, ел арасында *sayizliq* «сағызлық» деп те аталады. Басқа түркі тілдеріндегі *najman* «найман» этнониміне сәйкес келеді. Сарыұйғырлық наймандар алты шағын рудан тұрады: *ometi neman* «ометі неман», *ar neman* «ар неман», *imdi neman* «імді неман», *čaymäk neman* «чаңмәк неман», *längik neman* «ләңгік неман», *giršik neman* «гіршік неман»; «еджін (қожайын,

әмірші) оток» – моңғол тілді сары ұйғырларға жатады; *edžinder* «еджіндер» – моңғол үстемдігіне байланысты қалыптасқан топ. Олар биліктің өкілі ретінде саналып келді, сондықтан халық арасында *altan oruγ* «алтын ұрық» деп те аталады. Сондай-ақ сары ұйғырлар құрамында *qañli* «қаңлы», *qirgiz* «қырғыз», *türkeš* «түркеш», *aqtatar* «ақтатар», *kerejt* «керейт», *datin* «датын», *šartin* «шартын», *bajdaq* «байдақ», *uran qatıq* «ұран қатық», *xolangar* «холангар», *iγilan* «ығылан», *mäntaj* «мэнтай», *šat* «шат», *qalqa* «қалқа», *cowa* «соуа» т.б. рулар да бар. (Сары ұйғырлардың этникалық құрамындағы ру тайпалар жайлы деректер Йоғур Төмөрдэн жазылып алынды. 09.07.2012, Сунань қаласы).

Сары ұйғырлардың этникалық құрамының күрделілігі олардың антропологиялық бет-бейнесінен де аңғарылады.



Сары ұйғырлардың этникалық құрамындағы өздерін Шыңғыс хан ұрпақтары – «алтын ұрықтар» санайтын моңғол тілді еджин тайпасының өкілі, жазушы Төмүр Йоғур



Сары ұйғырлардың этникалық құрамындағы яғлақар руының өкілі (түркі тілді), Ляньжоу университетінің докторанты Арыслан Яғлақар



Сары ұйғырлардың этникалық құрамындағы найман руының өкілі (моңғол тілді) – Доғур

Сары ұйғыр өкілдерінің арнайы түсірілген фото-материалдарына антропоскопиялық параметрлер бойынша талдау жасаған антрополог О.Смағұлов мынадай тұжырымға келеді: «антропоскопиялық анықтамаларды қорытып айтатын болсақ, онда Ганьсу өңіріндегі бүгінгі сары ұйғырлардың морфологиялық сипаттамасы олардың аралас екі нәсілдің, яғни еурпеоид пен монғолоид қосындыларына жататындығын байқатады» [7,165].

Жалпы этнос ұғымын анықтауда адамдар арасындағы жүйелілік байланысқа ерекше мән беріледі, «этнос – өздерін өздері сияқты (аналогиялық) басқа адамдар ұжымдарына қарсы қоятын, табиғи жолмен қалыптасқан берік адамдар ұжымы және бұл комплементарлық сезімталдықпен анықталады, тарихи уақыт бойында белгілі бір заңдылықпен өзгеріп отыратын өздеріне ғана тән стереотипті мінез-құлықтармен ерекшеленеді» [8,540]. Орхон бойын мекендеген көне түркі тайпаларының мұрагерлерінің бірі – сары ұйғырлардың табиғи-биологиялық жаратылысы мен рухани-мәдени болмысының негізін жалпытүркілік этносапалық белгілер құрайды. Мың жылдан аса мерзімге созылған қарқынды этно-лингвомәдени контактологиялық үдерістердің тікелей ықпалында отырған, лингвомәдени дифференциацияға ұшырап, үш түрлі тілдік топқа бөлінген сары ұйғырлардың өздерінің біртұтас этнос ретінде тұтастығын сақтап отыруы, олардың этникалық санасының беріктігін көрсетеді.

Сунань қаласындағы сары ұйғыр өкілдерінің экспедиция мүшелеріне қонақасы беру кезінде марка етінен былбырап піскен қуырдақ тартылды. Ерте туған кепенің барлық мүшелері (сүйектері) тұтастай қазанға салынып, бұқтырылған ас «қазақтың сірнесін» еске түсіреді. Одан кейін қодас



етінен мүшелей пісірілген қамырсыз ет келді, үлкен табаққа үйіп салынған бұл тамақ түрі де қазақтың асы – еттен аумайды. Тағамның аты да – ет. Еттен кейін сорпа келді, сары ұйғырша – *соқпа*. Ас иелері құрметті қонақтарға міндетті түрде ет тартып, қонақасы беретіндерін, ас мәзірінде көк-сөкті көп қолданбайтындарын айтты.



Қонақасыға мүшелеп ет асу дәстүрі



Қонақтарға мүшелеп тартылған ет

Басқа діндегі адамдармен дастархандас болғандықтан, көңіліміз күпті отырған біздің «Малды қалай соясыздар?» – деген сұрағымызға «Бауыздаймыз» деген жауап алғанда тіпті таңғалдық. Будда дініндегілердің малды бауыздамай соятыны белгілі. Малды бауыздауға қатысты әңгіме арасында сары ұйғыр келіншектері жаңа бауыздалған малдың алғашқы қанын ағызып жіберіп, одан кейінгі қанын малдың ішегіне құйып, күріш және түрлі дәмдеуіштер қосылған шұжық тәрізді тағам дайындайтындарын айтты.



Қимай дайындап жатқан сары ұйғыр келіншегі



Піскен қимай

Бұл тағам түрін қазақтар «қимай» деп атайтыны және қимайдың жеңсік астар қатарынан орын алатыны белгілі.

Сары ұйғырлардың малды бауыздап сою дәстүріне қарағанда, қазіргі ислам дініндегі түркілердің малды бауыздауы исламға дейін-ақ қолданыста болған, ежелгі түркі тайпаларынан қалған дәстүр екеніне көз жеткізе түсеміз. Мүшелеп тартылған ет VII-IX ғасырлардағы түркілерге де тән екенін археологиялық зерттеу нәтижелері де көрсетуде. Белгілі түркітанушы-археолог Қ.Сартқожаұлы мынадай деректер келтіреді: «Қазба жұмысы кезінде Білгеқаған барығының (храм) ішінен, Қаған мен ханымының алдына қойылатын ақыртас (жозы) үстіне күміс табаққа салынып қойдың ең сыйлы мүшесі бас тартылған. Бастың қасына қойдың он екі мүшесі толық тартылған. Бастың танауын табақтың солтүстік батысына қарай сәл бұрып орналастырған. Оның оң жағына (табақ тартушының оң қол жағы) жамбас, жауырын, белдеме және сүбе қабырғалар қойылған. Ал бастың оң жағына қара қабырғалармен қоса асық жілік, ортан жілік, домалақ жілік, омыртқа белдемелер орна-

ластырған. Олардың шетіне буындамастан табиғи қалпымен арқа және мойын қойылыпты. Бастың танау жағына (қаған мен ханымға қараған жағына) қойдың белдемесі қойылған» [9,186].

Түркі халықтарының бәрі бірдей сыйлы қонаққа бас қойып, мүшелеп ет тартпайтынын ескерсек, қазақ, қырғыз, сары ұйғыр т.б. халықтардың қонақ күту дәстүрі көне түркілерден қалған мұра екеніне, дәстүр сабақтастығының үзілмегеніне көз жеткізе түсеміз. Малды сояр алдындағы қорқыныш пен үрей сияқты жағымсыз ақпараттарды сақтаған арам қанды ағызып, мал ағзасын тазартып алып барып, етін қолдану – адам денсаулығына пайдалы да жұғымды екені бүгінгі ғылымда дәлелденген мәселе. Бұл да түркілер мәдениетінің бір көрінісі болса керек.

Жерге аласа дөңгелек үстелге жайылған дастарқандағы ас мәзірінің ішінде бауырсақ, ірімшік, айран, талқан, сары май да бар. Дәл қазақтың бауырсағындай майға піскен қызыл бауырсақ, сары ұйғырша – *bawırtıy* «бауырцығ/бауырсақ». Сары майды да қазақтар тәрізді күбіге пісіп алады екен, сары ұйғырша – *ayjay* «ақ май». Қазіргі қазақ тілінде жалпытүркілік *jay* «май» лексемасын *maj* «май» сөзі ығыстырғанымен, мәдени лексика жүйесінде осы мағынаны сақтай отырып, *žaw* нұсқасында қолданылады: *көздің жауы* «көз майы»; *жау бүйрек* «бүйректі майымен қосып пісіретін ұлттық тағам».

Сары ұйғыр келіншектері талқанды бидайды, тарыны келіге түйіп дайындайтындарын айтты, сары ұйғырша – *talqı*. Сүт қатқан шайға «талқан салып, сары май қосып ішіңіздер» деген ұсыныс түскенде таңғалмасқа шарамыз болмады (бала кезімізде әжелеріміздің сүтті шайға талқан мен сарымай қосып ішетіндері есімізде қалған). *Talqı* лексемасының қазақ тіліндегідей *talqan* нұсқасы сары ұйғыр тіліндегі *talqan* шаа «талқан шай» тіркесінде сақталған. Ірімшіктің дәмі мен түсі де қазақтың ірімшігіндей, сары ұйғырша – *çerme*. Сары ұйғыр-

лардың ұлттық тағамдары мен қазақтардың ұлттық тағамдарының дайындалу технологиясының ұқсастығы, атауларының да сәйкес келіп жатуы екі халық арасындағы жақындықты аңғартқандай болды.

Қытай Халық Республикасы құрамындағы аз санды шағын этностарды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар аясында түркітөктес сары ұйғырлардың тілін, төл әдебиеті мен өнерін, этнографиясын, басқа да рухани-мәдени құндылықтар жүйесін сақтап қалу шаралары жүзеге асырылуда. Мемлекеттік бағдарламалар бойынша балалар мен жастарға ана тілін үйретіп, олардың бойына ұлттық рухани-мәдени құндылықтарды сіңіруге бағытталған жексенбілік мектептер мен арнайы курстар жұмыс істейді, этнографиялық сипаттағы мәдени шаралар ұйымдастырылады. Ассимиляциялық үдерістің алдында тұрған ат төбеліндей түркітөктес сары ұйғырлар өз Отандары - Қытай Халық Республикасының көрсетіп отырған қолдауы мен шағын ұлттар мәселесіне ерекше мән беріп отырған сарабдал саясатына дән риза. Сары ұйғыр интеллигенциясы өкілдерінің Қазақстанға, Түркі академиясының ұжымына алғысы шексіз. «Менің жоғалып бара жатқан, жұтылып бара жатқан халқымның тағдырын тек қызық үшін, экзотика үшін емес, «түбі бір, тамыры бір, тарихы бір халықтармыз», «біз ағайынбыз, туыспыз» деп іздеп келгендеріңіз үшін, сары ұйғырларды қалың ормандай түркі әлемінің бір бөлшегі ретінде зерттеуге әрекет еткен ниеттеріңіз үшін біз аса қуаныштымыз» деген сыңайлы жүрек жарды сөздер айтылып жатты.

Сөз соңында, Түркі академиясы тарапынан Қытай Халық Республикасының Ганьсу, Қызылсу, Қашқар өңірлеріне жасақталған далалық экспедицияның нәтижелі болуына ат салысқан Ян Шу, Хы Уей Гуанг, Йоғур Төмөр, Айланты Тоқомбай, Зайер Жұмахы тәрізді қытай ғалымдарына алғысымызды білдіреміз.

Әдебиеттер

1. Чын Зұң Жын. Батыс сары ұйғыр тілі туралы зерттеулер. – Бейжин: Орталық ұлттар университеті баспасы, 2004. – 6-7 б. (Қытай тілінде. Сілтемені аударған Ш.Әбсалық).
2. Хы Уей Гуанг. Сары ұйғырлардың мәдениет тарихы. – Бейжин: Ұлттар баспасы, 2000. – 4 б. (Қытай тілінде, сілтемені аударған Ш.Әбсалық).
3. Малов С.Е. Язык желтых уйгуров. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1957. – С. 7.
4. Позднеев Д. Исторический очерк уйгуров (по китайским источникам). – Санкт-Петербург, 1899. – С.97, 125.
5. Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва, 1969. – С. 230-342.
6. Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. – Москва-Ленинград, 1951.
7. Смағұлов О., Смағұлова А., Райханұлы Е. Ганьсу өлкесіндегі сары ұйғырларды ең алғаш антропологиялық зерттеу // Алтайстика және түркология. – №3. – 2011.
8. Гумилев Л.Н. Этносфера: История людей и история природы. – Москва, 1993.
9. Сартқожа Қ. Орхон мұралары. –Астана: Күлтегін, 2003.



САРЫ ҰЙҒЫРЛАРДЫҢ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІ

Agänä dörtdän jomaq (epmezi)

Bähldärehkel bär авақа бар ер диј дро, бәр аниқа бар ер диј дро. Dört оуәл бар ер диј дро. Bu dört оуәл la ni ma әs duhtbas ер диј дро. Andan la бар кунге еһтқен säyda, бу авақа аниқасә әјтәсо дөрт оуәлән садауә ет-дәуәлә маңдәуән дәр. Bärsәнqе jyz лаң qumäs беруен дәр.

Andan la бу агәнә дөрт маңо бәр јерге еһтсе, дөрт тәзи јол оләуән дәр. Andan la бу агәнәлар әјтәсо, бәр кәси бәр јолға маңған дәр. Uš jilda la хоси бу јерде бәрәкәнә дисуен дәр. Andagaš la маңған дәр.

Maңo lodasä бәр јерге еһтқеш бәр qem garama јоруенқен дәр. lo'ärä маңо бәр јерге еһтқеш бәр јиәшдзи јоруенқен дәр. losanä маңо бәр јерге еһтқеш бәр demär соқба јоруенқен дәр. losisä маңо бәр јерге еһтқеш бәр seme әшде тәсоқса бәр кәси liаңhua мәдза теләкден кәрәп гелуән дәр. Andan la бу дөрдәндзјсә јуз larj gumäsdä бу кәсије берјеш мәнә јоруенқен дәр. Joryeno uš јil болуанда јисәнге моңған дәр. Maңo ol јol тәзиуа еһтсе, lodasä lo'erä хосә anda сагоуән дәр. Ahldän qumäs ma qaldža džәһnap келуен дәр. Andan la агәнә дөрт әјтәсо la менекдә ma хосә деп-ба дең аләнгаš јусәнға гелуен дәр.

Maңo јисәнға еһтқеш la lodasä кем garama пузи әшуән дәр. lo'ärä јиәш пузи әшуән дәр. Losana demär пузи әшуән дәр. losisä la јаһдоуән дәр. Andan la adžanasä datdәуән дәр: «senәң агәһнар хосә пузи әшәш дәр. Sen niye узәп бар ер? Sen ni јоруенди?»,- тисе, «Men xuaңjtienba јоруенди»,- диген дәр. Andan la бу adžanasä бу тәимәкдзи јоруенқәнә бәлуен дәр.

